

63.3 (5K)4
3-23

Бронислав Залесский

КАЗАК
САХАРАСЫНА САЯХАТ

«»

ЖИЗНЬ
КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ

Париж 1865

Алматы 1991



496308


Бронислав Залесский

ҚАЗАҚ
САХАРАСЫНА СЯХАТ

«»
ЖИЗНЬ
КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ



LA VIE
DES STEPPES KIRGHIZES



Париж 1865

Алматы 1991

Бронислав Залесский

**ҚАЗАҚ
САХАРАСЫНА САЯХАТ**

«»

**ЖИЗНЬ
КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ**

«Өнер»  Издательство
баспасы «Өнер»

63.3(З.К.)

ББК 84.4 Фр

З 23

Француз тілінен орыс тіліне аударған
Ф. Стеклова мен Б. Садықова.

Орыс тілінен қазақшаға аударған
К. Сегізбаев

З 23 **Залесский Б.** Қазақ сахарасына саяхат.— Алматы: Өнер, 1991.— 132 бет.— илл.

Бұл кітаптың тарихы қызық... Кітап өзінің пағыз оқырманына 125 жылдан кейін әжер жетіп отыр. Кітаптың авторы — поляк суретшісі Бронислав Залесский (1820-1880) деген кісі. Ол Орынбор корпусында қатардағы солдат болған. 1865 жылы айдаудан Парижде қайтып оралғаннан кейін, алғашқы еуропа-лықтардың бірі болып, XIX ғасырдың орта тұсындағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен тұрмыс-тіршілігін, этнографиясын, сондай-ақ кең-байтақ өлкенің жері мен табиғи ерекшелігін сөзбен шынайы сипаттаған, суретпен бейнелеген альбом-кітап басып шығарады. Француз тілінен тұңғыш рет аударылып отырған бұл басылым «Өнер» баспасынан қазақ және орыс тілдерінде жарық көріп отыр. Кітап поляк суретшісінің түпнұсқадағы суреттерімен, гравюраларымен бе-жестірілген, аудармашы текстерге жап-жақты түсініктемелер беріп, бүгінгі оқырманның ұғымына лайықтап ұсынып отыр. Басылым көпшілік оқырманға арналады.

ISBN 5-89840-270-5

3 $\frac{470.3010100-28}{400(05)-01} - 191$

Перевод с французского на русский
Ф. И. Стекловой, Б. И. Садыковой

Перевод с русского на казахский
К. Сегізбаева

История этого издания уникальна. Можно сказать, что оно дошло до адресата только спустя более 125 лет. Его автор, польский художник Бронислав Залесский (1820—1880) служил рядовым солдатом Оренбургского корпуса и после возвращения из ссылки издал в 1865 году в Париже книгу-альбом, где одним из первых из европейцев реалистически описал и изобразил этнографию, социально-экономическую жизнь казахов в середине XIX века, а также природное своеобразие этого края.

Настоящее издание является первым переводом книги с французского и подготовлено одновременно на двух языках — казахском и русском, снабжено всеми иллюстрациями, имевшими в оригинале, примечаниями к тексту.

Для массового читателя.

© Издательство «Өнер», 1991

496308

04 ЗК



АЛҒЫ СӨЗ

XIX ғасырдың орта шенінде қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт дәстүрі мен фольклорын Еуропаға таныстыруда поляктың айдаудағы революционері Густав Зелинский, Адольф Янушкевич, Адам Сузин, Бронислав Залесский, кейінірек Северин Гросс елеулі еңбек сіңірген. Жиі қайталанған поляктың ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысқаны үшін патша үкіметі оларды Сібір мен Қазақстанға айдауға жібергені белгілі.

Біз бүгінде олардың айдаудағы өмірі мен творчествосына қаншалықты қанық болсақ, ең алдымен, С. М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің доценті Ф. И. Стеклованың (1910—1980) зерделі зерттеулерін соншалықты ризалықпен ауызға алуымыз керек. Көп дәлелсіз-ақ көңіл елжіретер бір ғана жайға тоқталайықшы. Ф. Стеклова өзінің шағын ғана екі бөлмелі пәтерінің біреуін поляк-қазақ халықтарының жан-жақты байланысына арналған мағлұматтар музейіне айналдырғандай. Зерттеуші көп жылдар басқа да поляк ғалымдарымен бірлесе тер төгіп, А. Янушкевичтің Қазақстандағы өмірі мен қызметі туралы мол мағлұмат жинайды, оның «Қазақ даласына саяхат», «Күнделіктер мен хаттар» кітабын тауып алып, поляк тілінен орысшаға аударарды. Һәм ауқымды алғы сөз жазып, ғылыми түсініктер береді.

Ф. Стеклова Сібір мен Қазақстан архивтерінен де А. Янушкевичтің айдаудағы кезіне қатысты тың деректер ұшырастырып, XIX ғасырдың 40-шы жылдары поляк революционері жүріп өткен жерлермен Қазақстанды жаяу аралайды да, кейбір бұрмаланған жер аттарын нақтылайды. Мұның топонимика үшін де мәні бар.

Өмірінің ақырғы жылдарында Ф. Стеклова Бронислав Залесскийдің (1820—1880) өмірбаянына қатысты мағлұматтар жинауға ден қояды және француз тілінен оның «Қазақ* даласының тіршілік-тынысы» көлемді очеркін орыс тіліне аударарды. Өкінішке орай, толық аударылмаған. Онда қалып қойған тарауларды бұл басылымда Бақыт Садықова қалпына келтірді.

Б. Залесскийдің кім екендігін және оның шығармаларын іздестіру тарихын Ф. И. Стеклова өзінің баспасөзге дайындаған, бірақ жарияланбаған мақаласында, қысқаша келтірсек, былай баяндайды: «Бұл очерктің авторы Бронислав Залесский — көп жағдайда көңіл аударарлық тамаша тұлға. Сөз жоқ, ақылды да дарынды, демократиялық ниеттегі адам,

*Біз очерктің мазмұнына қарай осылай атауды жөн көрдік. Түпнұсқасының сөзбе сөз баламасы — «Қырғыз даласының өмірі». «Қырғыз» атауы мұнан былай «қазақ» болып алыншы.

не керек, ол туралы нақтылы да кеңірек әңгіме-леуге болады.

Дерпт университетінің студенті кезінде, 1838 жылы Залесский жасырын ұйымға қатыстылығы үшін «жоғары мәртебелінің жарлығымен... арнайы бақылауда болуға Черниговка» жер аударылады. Бұл сөздерді жандармерияның оған арнап жүргізген іс қағаздарынан оқуға болады.

Оның анасы Юлия Залесская білімді және «зиялы қауыммен» байланыстары бар әйел болса керек, көп қаражат жұмсап, көз жасын көлдете жүріп, ұлын азап аранынан әрең құтқарады. Ақыры әлдебіреулердің «мейірім-шапағатымен» Бронислав туған ошағына оралады. Өттең десеңізші, үйінде бір жыл аунап-қунамай жатып, ол тағы да темір тордың арғы жағынан бір-ақ шығады. Бұл жолы «Эмиссар Рераның ісіне қатыстылығы үшін» тергеуге алынған.

Алашқыда тұтқынға жылы қабақ танытқансыған кезекші офицер арқылы Залесский өзінің сыбайласы доктор Реньерге «қанмен жазылған хатын» беріп жібереді. Қабырғасымен кеңескен кезекші офицер сатқындық жасап, хатты тергеуші қолына табыс етеді. Тергелушінің жағдайы осыдан соң, әрине, қиындай түседі.

Залесский қамауда екі жыл отырады, одан соң әскери сот оны айрықша Орынбор корпусына қатардағы солдат етіп жіберуге үкім шығарады. Сөйтіп, 1848 жылдың наурыз айында солдат Бронислав Залесский Орынборға келеді.

Сурет салуға деген қабілетімен айрықша көзге түскен оған 1848 жылы Арал экспедициясы материалдарын қорыту тапсырылады. Міне, тап сол кезде ол экспедициядан енді ғана оралған Тарас Шевченкомен кездеседі. Содан былай Шевченконың Бронислав Залесскийден жақын да адал досы болмайды.

Суретші Залесскийдің өмірінде Шевченконың

өте үлкен роль атқарғаны күмәнсыз; ол оған сурет салуды үйретіп, кейініректе офорт өнеріне жаттықтырады.

Залесский ұзақ жыл Парижде тұрған. 1865 жылы «Қазақ даласының тіршілік-тынысы» атты офортты суреттер альбомы әдемі әшекейленіп жарыққа шықты. Жиырма екі сурет пен оларға қосымша очерктер алыстағы қазақ даласының тыныс-тіршілігін европалық оқырмандарға ерекше шынайылықпен айқара жайып салды. Егер Залесскийдің суреттерін Густав Зелинскийдің «Қырғыз» («Қазақ») поэмасына ХІХ ғасырдың орта шенінде шетел басылымдарына жасалған иллюстрациялардағы қазақтарының қазақтан гөрі черкеске ұқсайтынын байқасақ, Европа суретшілерінің ішінде бірінші болып тек Залесскийдің қазақ өмірін нағыз реалистікпен көрсете білгенін пайымдаймыз. Ыдыс-аяқ, киім-кешек, этнографиялық детальдар дұрыс та дәл бейнеленсе, табиғат суреттері, көне ескерткіштер суретші қаламынан келісті көрініс тапқан. Залесский өзінің очерктеріне, географияға, ауа райына, этнографияға және тағы басқаларға қатысты деректерден тыс қазақ даласының аңыздарын, көне көз шежірелердің әңгімелерін енгізіп, өзінің тарихи тұлғалармен жолыққан сәттерін сипаттаған.

Сурет альбомының текстері мен Залесскийдің өмірбаянын француз тілінен аудару барысында мен өте сирек анықтама басылымнан оның айдауда жүрген кезінде жазылып, 1857 жылы поляк тілінде жарияланды делінген очеркінің тақырыбын ұшырастырдым. Яғни, Парижде жарық көрген сурет альбомынан бұрын, шығарма Варшавада шыққан «Әлем кітабы...» енген.

Бұл маған мүлде күтпеген оқиға болды, өйткені Залесскийдің хаттарынан достарының айдауда жүрген жерлері туралы жазып жібер деген өтінішіне үзілді-кесілді қарсылық білдіргені мағлұм-

тын. Алайда, очерктің анықтамадағы аты күмән туғызбайды: «Қазақ даласының тіршілік-тынысы» делінген. Ол кезде, шынтуайтқа келгенде, шығарма жазылса да, «жазбаймын» деп қарсылық білдіру әншейін құпия сыр сақтаудың китүрқысы болуы да мүмкін еді.

Бұдан әрі не істеу керек? «Әлем кітабы» жинағын табу, әсте мүмкін болмады. ССРО-ның ең ірі кітап қоймалары, тіпті Ленинградтың «Россинкасына» дейін үміт үзерлік жауаптар жолдады.

Поляк достарының көмегімен бұл жинақ Варшава университетінің кітапханасынан табылды. В. Евсевицкий маған микрофильмін салып жіберген еді, артынша өзім де командировкамен Варшава болып, сирек дүниені көзіммен көрдім: орасан үлкен кітаптың ішінде Залесскийдің де очеркі жүр... Сурет альбомының француз тіліндегі тексіне осы альбомның негіз болғаны айдан анық.

Алайда, айран-асыр қалдырған ақырғы бір жаңалық мынау: өткен ғасырдағы Флоренция қалдырған журналының бірнеше санында (итальян тілінде) Ресейдің Орта Азияны басып алуы туралы Залесскийдің көлемді саяси мақаласы басылыпты. Мақала поляктың жыл сайын шығатын әлдебір

басылымында жарияланғандығы айтылмаған. Ізденіс игілігін көргенше қанша бума кітап ақтарылып, қанша жүздеген беттер паракталды десеңізші. Мақала Париж эмигранттарының поляк тіліндегі басылымында жарияланыпты, суретпен безендірілген. Олар шабуыл кезіндегі Ақмешіттің, Қарабұтақ бекінісінің, Арал теңізінде салынып жатқан Қосарал портының суреттері, сонымен бірге Залесскийдің екі қазақ замандасының портреттері».

Поляк-қазақ байланысының пайда болу және даму тарихымен Ф. Стеклованың қаншалықты ынта-ықыласпен айналысқанына осынау шағын мақала бірден-бір куә.

Зерттеушінің «жекелеген мәселелер жөнінде аздаған балаң байламдар» туралы ескертпелері де бар. Оған қосарымыз, шынында да, Б. Залесскийдің очеркіндегінің барлығы бірдей қазақтың тарихы, әдет-ғұрпы, ұлттық характері туралы біздердің ұғым-танымымызға сай келе бермейді. Әйтсе де, көбіне-көп көргендерін көңілге кіршіксіз түйіп, парасаттылықпен пайымдаған. Сол себепті де «Қазақ даласының тіршілік-тынысы» тек қана тарихи маңызымен ғана емес, қазіргі оқырманды да бейтарап қалдырмас шыншылдық қасиетімен де құнды.





ПРЕДИСЛОВИЕ

С жизненным укладом, обычаями, фольклором казахского народа в середине XIX века познакомили европейского читателя ссыльные польские революционеры Густав Зелинский, Адольф Янушкевич, Адам Сузин, Бронислав Залесский и позже Северин Гросс. Как известно, за активное участие в польских национально-освободительных восстаниях царский суд отправлял их в Сибирь и Казахстан.

Изучению их жизни в ссылке много сил и времени посвятила Ф. И. Стеклова (1910—1980 гг.), доцент Казахского государственного университета им. С. М. Кирова: Трогательная и о многом говорящая подробность: одну из комнат в своей маленькой двухкомнатной квартире Ф. И. Стеклова превратила в своеобразный музей, посвященный польско-казахским связям.

Сотрудничая в течение многих лет с польскими учеными, исследовательница собрала богатый материал о жизни А. Янушкевича в Казахстане, нашла его книгу «Дневники и письма из путешествия по казахским степям» и перевела с польского на русский, снабдив обстоятельным предисловием и научными комментариями.

В архивах Сибири и Казахстана Ф. И. Стеклова обнаружила ряд новых материалов о пребывании

А. Янушкевича в ссылке, побывала в тех местах Казахстана, где проезжал в 40-е годы XIX в. польский революционер, и нашла ряд изменений в названиях местностей, что представляет интерес и для топонимики.

В последние годы своей жизни Ф. И. Стеклова кропотливо собирала материалы о жизни Бронислава Залесского (1820—1880 гг.) и переводила с французского его книгу «Жизнь киргизских степей»*. К сожалению, эта работа не была завершена. Оставшиеся главы были переведены Бахыт Садыковой.

Ф. И. Стекловой были подготовлены к печати заметки о Б. Залесском. Здесь мы воспроизводим их с небольшими сокращениями.

«Автор этого очерка Бронислав Залесский — личность во многих отношениях замечательная. Человек безусловно умный и талантливый, демократически настроенный, он заслуживает того, чтобы рассказать о нем поподробнее.

*Название настоящего издания предлагается читателю в более точном значении. Как известно, в европейских источниках того времени было принято называть казахские племена «киргизами». Но в остальном сохранена традиционная для XIX века лексика, написание терминов и названий (здесь и далее — примечания, подготовленные издательством совместно с переводчиками).

Еще будучи студентом Дерптского университета, Залесский за причастность к тайному обществу в 1838 году был выслан «по высочайшему повелению... в Чернигов с учреждением надзора». Эти слова можно прочитать в деле, заведенном на него жандармерией.

Его мать, Юлия Залесская, женщина образованная и со связями в высшем свете, потратила много денег и пролила немало слез, прежде чем выручила сына из беды. По ходатайству одного «сиятельства» Бронислав был, наконец, возвращен в лоно семьи. Увы! Не пробыв дома и года, он вновь очутился за решеткой: теперь за «прикосновенность к делу эмиссара Рера», сперва как подследственный.

Через дежурного офицера, который сначала как будто симпатизировал узнику, Залесский передал своему сообщнику доктору Реньеру «кровью... испишанную записку». Поразмыслив, дежурный офицер предал узника, и записка попала в руки следователя. Положение подследственного, естественно, сразу ухудшилось.

Залесский отсидел два года в предварительном заключении, а затем военный суд приговорил его к отправке рядовым в отдельный Оренбургский корпус. В марте 1848 года солдат Бронислав Залесский прибыл в Оренбург.

В 1849 году ему было предложено, поскольку он отличался способностями к рисованию, обрабатывать материалы Аральской экспедиции. Тогда-то и встретился он впервые с Тарасом Шевченко, который только что вернулся из экспедиции. С тех пор не было у Шевченко ближе и вернее друга, чем Бронислав Залесский.

Нет сомнений, что в жизни Залесского-художника Шевченко сыграл очень большую роль: он учил и научил его рисовать, позднее обучил искусству офорта.

Долгие годы прожил Залесский в Париже.

В 1865 году вышло роскошное издание альбома офортов «Жизнь киргизских степей». Двадцать два офорта и очерки к ним правдиво показали европейскому читателю, как живут люди в далеких казахских степях. Если сравнить рисунки Залесского с иллюстрациями в зарубежных изданиях середины XIX века к поэме Густава Зелинского «Киргиз», где казах скорее похож на черкеса, то станет понятно, что именно у него — первого из европейских художников — жизнь казахов изображена в настоящей реалистической манере. Очень верны зарисовки утвари, костюмов, этнографических деталей, прекрасно исполнены пейзажи и памятники прошлого. В своих очерках, кроме географических, климатических, этнографических и других сведений, Залесский поместил записанные им в степи казахские сказания, рассказы людей о прошлом, описал свои встречи с известными людьми.

Работая над биографией Залесского, я обнаружила в очень редком справочном издании упоминание его очерка, написанного во время пребывания в ссылке, якобы опубликованного на польском языке в 1857 году, т. е. до выхода в свет парижского альбома офортов в сборнике «Книга мира» в Варшаве.

Это было полной неожиданностью, так как из переписки Залесского было известно, что он решительно отклонял настойчивые просьбы друзей написать о местах своей ссылки. Но название очерка, приведенное в справочнике, не вызывало сомнения: «Путешествие в киргизские степи». А что, если отказ служил прикрытием, и произведение действительно было написано?

Что же дальше? Сборник «Книга мира» найти было невозможно, самые крупные книгохранилища СССР присылали мне решительные отказы, даже ленинградская «Россинка»...

Обнаружился этот сборник в библиотеке Варшавского университета — помогли польские друзья. В. Евсевицкий прислал мне микрофильм, а вскоре и сама я, будучи в командировке в Варшаве, смогла увидеть эту редкость: огромная книга, а в ней очерк Залесского... Именно он послужил основой для французских текстов альбома офортов.

Но, пожалуй, самой удивительной была последняя находка. В нескольких выпусках флорентийского журнала прошлого века (на итальянском языке) была напечатана большая политическая статья Залесского о продвижении России в Среднюю Азию. В примечании указывалось, что статья была опубликована в одном польском ежегоднике. Но в каком и за какой год, не говорилось. Перерыты были целые кипы книг, перевернуты сотни страниц, пока поиски не увенчались успехом. Статья была напечатана в парижском эмигрантском издании на польском языке, более того, снабжена иллюстрациями — рисунками самого Бронислава Залесского! Это зарисовки Ак-Мечети времен штурма, крепости Карабутаг и строящегося порта на Аральском море Кос-Арал, а также два портрета казахов — современников Залесского».

Эти заметки свидетельствуют, с каким энтузиазмом и любовью занималась Ф. И. Стеклова историей возникновения и развития польско-казахских связей.

Книга Б. Залесского «Жизнь казахов степей»

ценна и интересна для нас прежде всего тем, что это заметки очевидца — правдивые, непредвзятые, реалистичные. Привлекает широкая панорама жизни степи и ее обитателей, создаваемая автором. У Залесского одинаково хорошо получаются как описания природы края, его климата, растений, животных, так и жилищ, предметов быта и многого другого. Занимательны изложения легенд и сказаний кочевников, проницательны замечания автора об их религиозных верованиях.

Демократ по убеждениям, Залесский и в отношении малознакомого народа предельно демократичен. Как живо, остроумно, с душевным теплом описывает он казахов, женщин или бывшего «степного разбойника» Кузембая. Из-под пера Залесского образы простых степняков выходят на редкость симпатичными.

Конечно, не все в книге Б. Залесского соответствует нашим нынешним знаниям и пониманию истории, обычаев, национального характера казахов. Сказался и стереотип взглядов, характерный для европейцев того времени. Но многое увидено и осмыслено точно и доброжелательно. Поэтому мы считаем публикацию книги делом нужным и своевременным. Безусловно, «Жизнь казахов степей» имеет не только большое этнографическое значение (книге еще предстоит стать предметом детальных исследований), но и представляет несомненный интерес для массового читателя.





ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ӨМІРІ

Оқырман назарына ұсынып отырған осынау дүние-тарихи зерттеу де, этнография жөніндегі еңбек те емес. Туристің жолжазбасы деп атауға да болмас еді. Бұл шалғайдағы өлкені мекен етуге дәм айдап келген соң менің мұнда табаны күректей тоғыз жылымды өткізіп, шетсіз-шексіз даланың бір қиырынан бір қиырына дейін ерсілі-қарсылы аттылы-жаяулы дегендей, неше дүркін жүріп өтуіме тура келіпті. Сурет салу — мен үшін еріккенде ғана уақыт өткізер ермек емес. Қарындаш, қағазымды қолыма алып отыра қалар сәттерімді жанымды жеген мұң-шерімді ұмыттырып, көңілді алаңдатар ең бір бақытты уақыт деуге болады. Табиғат екеуіміз бір-бірімізге мүлде жақындасып, кірігіп кеткендейміз. Ол менің ұлы ұстазыма айналды, егер бір мекенде бірнеше дүркін болсам, онда мен сонша байтақ шөл даланың әр тұсынан, тіпті көкжиекке дейінгі көз жетер жерден жетім жартас «мен мұңдаласа» да, соның әрқайсысынан ерекше сұлулық нышанын таба қояр едім.

Жазира перзенттері өмірінің еріксіз куәгері ретінде олардың тіршілігін қалауымша бақыладым. Олардың аузынан жүйрік қиялдарының жемісіндей кейбір ертегілерін тыңдадым.

Бұл жазбада мен өзім байқаған кей жайлардың және жинап қағазға түсірген аңыздардың бір бөлігін

ғана ұсынып отырмын. Меніңше, мұндай еңбек оқырманын өзінің жаңалықтарының молдығымен қызықтырар деген ойдамын. Қателеспесем, Батыстың бірде-бір адамы бұл ел туралы көркемдік тұрғыдағы шығарма жазбаған, осынау даланың пейзажын салмаған. Өз шығармамда ұсынып отырған дүниелердің бәрі де өмірдің өзінен ойып алынғандай. Салған суреттерім мен жазбаларымда қиял жетегінде ілесіп кетпей, табиғаттың өзіне көбірек үңілдім. Сондықтан да әрбір деталь, тіпті қылаудай ғана жалғыз сызығымда кейбір кемшіліктер болуы мүмкін, бірақ олардың дәлдігі мен шыншылдығында күмән жоқ.

Желтоқсан. 1864. Париж.
Бронислав Залесский

Қазақ даласы Орталық Азияның көтеріңкі үстіртті аймағын алып жатыр. Ол батысында Жайық өзені жағасынан басталып, Арал мен Каспий теңізінің солтүстік жағын қамти түркі тайпаларымен, Бұқар, Хиуа, Қоқан хандықтарымен шекараласса, солтүстігінде Ресейдің азиялық иелігіндегі жерлермен шектеседі. Орынбор губерниясына кіретін жердің бір бөлігінің өзі ғана Францияның, Испанияның, Португалияның жерін қосып есептегендегі территориямен тең екен. Бұл өлкеге көбірек қолданылатын «дала» деген сөздің өзі шегі-шеті

жоқ жазықты елестетеді. Қазақ даласы шөлге көбірек ұқсайтындықтан Ресейдің оңтүстігіндегі немесе Америкадағы далалардан біраз өзгешелеу. Мұнда теңіз мүйістеріне ұқсас, ағаш өспейтін, үнсіз жатқан біркелкі қыраттар мол. Бұл даланы Азиядан Европаға лап қойған Орда жасақтарының атының тұяғы ертеден-ақ тоздырып баққан. Бір кезде Шыңғыс хан осы дала төсіндегі Отырарды өзінің уақытша астанасы етсе, бертінірек Русьті бағындырған Алтын Орда осы далада көшіп-қонып жүрді. Монғолдар жоқтан барды жасап көрген жоқ, бірақ барды жоқ етіп, аямай қиратқандықтан, із-түзсіз жоғалған көп дүниенің аты бұл күнде өшіп болған...

Жабырқау жатқанына қарамай осынау өлкенің өз сұлулығы да бар. Құдай өзі жаратқан әр түкпірге әр түрлі әдемілікті еншілеп беруді, әсте ұмытпайды. Европалық тіршілікті еске салар мұнда ештеңе болмаса да, тағдыр тәлкегі қуалап батыстан әкелген адамды осынау сұлулықтың өзі-ақ тәнті етер еді.

◆ Арнайы салған жолы жоқ, құдықтары да сирек ұшырасар маң далада бағытыңнан жаңылсаң, бір тамшы су таппай күні бойы адасуың мүмкін, сондықтан жолбасшысыз жол жоқ. Қазақтар дала сырына жетік, түн баласында жұлдыздарға қарап бағдар алады. Ал жатжерлік болса жергілікті жұрттың әдет-ғұрыптарымен танысу үшін де жолбастаушы жалдауға мәжбүр. Ауыз су табу, аттар мен түйелерге жайылым қарау, төге жол іздеу, көбіне қой етінен әзірленетін тағамды тауып, оны пісіру, міне мұның бәрі де — жолбасшының міндеті. Әдетте, ол керуеннен оқ бойы алда жүріп, жол нұсқап отырар еді.

Әнеки, ол кеңістіктегі жалғыз ноқаттай болып алыста кетіп барады. Басқаларға қарағанда тезірек қимылдайтын жолбасшы демалар орынды тауып берген соң, шөп үстіне тыныстауға қисаяды. Керуен тоқтаған кезде ол тағы да атына мінеді. Әдетте, екі жолбасшы болады да, бірі керуеннің жанында қалғанда, екіншісі жан-жақты шарлай кезіп жүріп, не-

бір құдық, небір іркінді су болса да, іздеп табады. Содан соң жолбасшы ежелгі телеграфтардың белгілеріне ұқсас бір-біріне алыстан қол сермесіп, хабар берер еді. Алғашқы жолбасшы атын желе жорттырып, шығыстан батысқа қарай бірнеше шеңбер сыза немесе бірден бетін шығысқа беріп жүрер еді, кейде бағдар бағаны сияқты орнынан қозғалмай сіресіп тұрған оның тұлғасы көкжиектен көрінер еді. Болмаса ол айналаны шиырлап болған соң, бір биіктің басына шығып алып, атының жанында жайбарақат қисайып жатар еді. Бұл — әрбір қазақ жатқа білетін дала әліппесінің беташары ғана. Керуен жанында қалған екінші жолбасшы оның белгісі бойынша көшті керекті бағытқа қарай бұрып отырады.

Жолаушылар болса бұл кездері табиғатпен етене таныса отырады. Мұнда табиғаттың да қарапайым немесе мерекедегідей жасана кінетін кездері бар деуге болады. Әдемі маусым — көктем. Бұл кезде даланың көптеген жері жұлдыздай жарқыраған сарғалдақтарымен араласа аласа шөптер қалың өседі. Мыңғырған малдың бүйірлері шығып, иелерін де тойдырар еді. Қалың құс өзен-көлдердің бетін жауып, бәрі де жаңа тіршілік ауасымен тыныстайды. Жаз айларында күн жалын атқан лебімен бәрін де күйдіріп, құмға көмілген жұмыртқаны пісіріп шығарады. Бұлақтар суалып, өзендердің кензесі кебеді. Тіршілік атаулы бір тамшы нәрге зәру. Күз болса жылғалардың жағасын жасыл түске бояп, қатал қыс алдында адамзатқа тағы бір жайдары күндерді сыйлағысы келгендей көрінеді. Бұл жердің аязы қатты, қары қалың келеді. Шексіз жазирада бөгесін көрмей еркін жортар жел долы боранды ойнатып кеп жатқаны. Тіршілік атаулының бір тағдыры аяздың қаһарына қарап қалғандай.

Алайда, даланың суретшілер мен ақындарды тәнті етер ғажайып бір түлеу сәттері де болады. Көптеген жерлерде қатты ыстық түскен кезде

бұлдыр сағым ойнайды. Бүкіл дала бұл сәтте түрленіп сала береді. Көкжиектен тау көрініп, ғимараттар бой көтереді, жарқырай көрінген көлдерге аралдар жүзіп, ормандар суға төніп, ойланады. Осы бір теңдессіз ғажайып көрініс сәулемен ойнап, бірде жақындаса, бірде алыстай түседі, сөйтеді де ауаға сіңіп, жоқ болып кетеді.

Әсіресе, қаңырықты түтетер аптап кезінде бұл құбылысты жәдігөй жарқылына алданып қалмауды білудің маңызы зор. Далаға алғаш рет саяхатқа шыққан кісінің осынау жұмақтай жағалауға жетіп, жан рақатына батқысы келіп алға ұмтылары, бірақ керісінше, шөлдің ажал тұзағында қалары сөзсіз. Жазда көбіне жаңбыр болмайды, тек табиғаттың тым марғау көрінісіне күн шапағымен боялған алқызыл бұлттардың жүзіп жүретіні ғана өзгеріс әкелетін. Алқызыл бұлт өз жөнін тапқанша көкжиек көрінісіне әр беріп, көз қуантып қалатын. Күн батар алдындағы айналаның, әсіресе, Каспий теңізінің сұлулығы ерекше. Кейде тіпті, оны ешбір бояумен салу мүмкін еместей, еш қылқалам құдіреті жетпестей. Өкінішке орай, мұндай ғажайып көріністің ғұмыры тым келте!

Түрлі шөптердің хош иісі бұрқыраған теңдессіз мөлдір ауасы адамды мас қылардай, айналаның құдіретін арттыра түскендей. Осынау шегі жоқ көкжиек, осынау өлшеусіз мол жазира адамға еркіндікті сағынта, егер ықтиярсыз мекендеу тым ұзаққа созылып кетсе, онда осы бір біркелкі дүниеден, тым қу тақыр шөлден біржөла жерініп, әбден діңкелейсің.

Жай уақыттағы мамыра-жай дала мінезі ойнамалы: құмды дауыл тұрған кезде ашық аспанды түнек басады. Көтерілген құм дауылы демнің арасында күн сәулесін жұтып үлгереді. Тынысы тарылған адамның есі ауып қала жаздайды. Орталық Азияның бар құмын қуалап құтырынған дүлей апатқа қарсы тұрар күш жоқ, оның жортуылын ештеңе де

кідірте алмайды. Ол киіз үйлерді төңкеріп, отар-отар қойларды құмға көміп кете береді. Бұл — сұмдық апат. Құм дауылдың жақындап қалғанын сезген түйелер желге қасқая қарап шөгіп алып, боздайды дейсің. Үрей билеген аттар бастарын жерге салып, бірінің қалқасына бірі тығылса, адамдар жер бауырлап жата қалады. Дауыл құмды үйіріп көтере жөнелген кезде ол бір ақ шулан алып баған немесе аспанды тіреп тұрған діңгектей болып көрінер еді.

Құм дауыл осындай алапат болғанда, қарлы бораны одан да сорақы. Жазғы дауыл бір демде апайтопай бұрқылдатып өте шықса, боран кейде неше күн бойына ойнақ салып жүріп алады. Боранда қалған жолаушы оған қарсы күресер дәрмен таппаған соң, дауылдың бетінің қайтуын күтіп, қар астына жасырынады.

Қыстың қаһарлы боранын көзге елестету үшін мына бір деректерді келтірейік. Бір шағын бекіністің коменданты өзі қамыс оруға жіберген кісілерді сақтандыру үшін зеңбірек аруды тапсырады. Сол жерден елу-ақ қадамдай қашықтықта жүрген кісілер зеңбірек даусын ести алмай қар астына жасырынды. Олар бекініске келесі күні боран басылған соң ғана келеді...

Даланың сыртқы көрінісі біркелкі болғанмен, оның әр аймағында әр түрлі ерекшеліктер бар. Айталық, Оралдан басталып Арал теңізіне дейін созылып жатқан даланы алар болсақ, жері біркелкі тақтайдай жазық, қысы мейлінше қатты, бірақ бұл жердің шөбі құнарлы, малға жайлы келеді. Арал мен Каспийдің арасында жатқан кең алқапты бір тамшы суы, небір қылтанағы жоқ шөл десе болар. Сыр жағалауымен жарысып, Азияның ішкі бөлігіне сұғынып жатқан жазықтыққа келер болсақ, шөл далаға түсіп қалған алып белдіктей мың бұралып жатқан осынау дарияның айналасына өскен қалың тоғай қайнаған тіршілігімен ерекшеленер еді. Каспийдің шығыс жағын өңірлеп жатқан Маңғыстау маңы

ертегі кейіпкерлеріндей ерен мүсіндерге толы. Мұнда да өсімдік атаулы тым тапшы, бірақ аспаны мөлдір-ау, шіркін.

Даланың біраз бөлігіне тән ерекшелік — алыстан жалтылдап көзге көрінер тұзсінді топырағының ерекше сортаңдығы. Қазақ даласы құмға да кенде емес, 300 шақырымға созылып жатқан Қарақұм, Аққұм, Көкқұм, Құмжарған, тағы басқа да бұлардан шағын болғанмен, әрқайсысы 15—30 шақырымға созылып жатқан құмды дала қаншама?! Долы жел ұсақ кварц түйіршіктерінен тұратын осынау құм жоталарын суыра тартып, жылжыта көшірумен әлек, бірде шұңқырлар қазса, келесі сәтте оларды қайта тегістейді. Сіз осынау күнге қақталған сары жазықтың ортасында қалғандай болсаңыз, онда Сахара туралы оқығандарыңызбен естігендеріңіз түгелдей ойыңызға оралар еді. Көз жетер жерге дейін бірінші иығына бірі иек сүйеген құм шағылдар тізбегі. Аттаған сайын аяғыңды қармап жүргізбейді. Су бетіндегідей ұсақ бұйра толқындар — жел лебінің әрекеті. Тіпті, үп еткен самалдың өзі жетім қылтанақтың айналасына түрлі сурет сала қояр еді. Жел тұрғанда құм шағылдардың төбесінен шаң-тозаң көтерілсе, қыс баласы ондағы жал-жал қарды қуалайды.

Боран көтерілсе-ақ оның өзінді демде «жұтып» қоярын түсінесің. Ал ертеңгілік оянған соң, кеше боранға дейін шатырының оң жағында жатқан құм шағылды енді сол жағынан көресің. Үп еткен жел құмын суыра жөнелер бұл даланың да өз өсімдіктері бар. Әсіресе, дәнінен ботқа пісіруге болатын құмаршығын айтсаңызшы. Шөл өсімдіктерінің тіршіліктері қызық, олар қылтиып өсе салып, тамырымен нәрлі топырақты қармап желмен алысумен өмір сүреді. Содан да олардың тамырлары тереңде, мықты келеді. Қалтылдаған қылтанақтың жер бетіндегі сабағынан топырақ астындағы тамыры әлденеше есе жуан. Алайда, тамырлары да әлсіз кішкентай

өсімдік түрлері бар, бірақ олардың сабағының жартысы құмға көміле өседі. Оларды жел кейде жалаңаштап, тамырымен жұлып әкетіп жатса, жаңа өскіндер қылтиып көріне бастайды. Мұндағы жерді өңдеуші де, дәнді себуші де желдің өзі. Бұл өсімдіктердің тұқымын жел оңай жұлып алып, құм бетіне біркелкі ғып сеуіп шығуды табиғаттың өзі қапысыз ойластырғандай.

Әнеки, сондықтан да осынау панасыз өсімдіктерді жел түбірімен отап жатса да, құмды дала жиі-жиі көгеріп шыға келеді. Жергіліктілердің пікіріне ден қойсақ, алдағы бір кездері құм даланың табиғатының жақсара түсуі әбден мүмкін, себебі құм шекарасын көмкеріп жатқан жасыл жиек бірте-бірте құмға қарай қанатын жайып келеді екен.

Құмдауыт жер жиі ұшырасса, ал сортаң дала тіпті көп-ақ. Дала тұзға кенде емес, бірақ та сортаң жер деп топырағы күн сәулесімен ойнап, жарқырап көрінер айтақырларды ғана атайды. Сортаңның екі түрі кездеседі, біріншісі үстінен керуен жүріп өтсе де, із түспес жанғыш тақта тастай қатты болса, екіншісінің теп-тегіс болып жатуы, әншейін, алдамшы көрініс, кез келген тұсы опырыла құлайтын мұндай сортаңның үстімен атпен жүріп өтуі тіпті де мүмкін емес. Мұнда бірде-бір қылтанақ бой көтермейді, мұз сияқты жалтырап жатысының өзі-ақ онсыз да сүреңсіз даланың сұрқын қашыра түседі.

Дегенмен, даланың өзінің өсімдіктер дүниесі, өзінің жануарлар әлемі бар. Алдымен, жусанның он бестей түрі, бадам, жабайы у сарымсақ пен жуа сияқты хош иісті, сонан соң малды тез семіртіп, қоңдандыратын ұнтақ дәнді өсімдіктердің көп түрлерін атауға болады. Қазақтар оның бәріне де жеке-жеке атау беріп қойған және де дала қарияларының бәрін де білгір ботаниктер десе болғандай.

Даланың әр жеріндегі өсімдік түрлері де әр алуан. Маңғыстау маңы тым жұтаң, құмдауыт жері мол. Мұғаджар тауынан Сырдың жағасына дейін осылай.

Сыр өзенімен Арал теңізінің аралдарында бұтақтары қыңыр-қисық, діндерінің жуандығы 8—10 дюймдей* келетін, аласа сексеуіл ағашы мол өскен. Бұл өсімдік, негізінен, отынға пайдаланылады. Даланың кез келген жерінен қазақтар оны да отын үшін пайдаланылатын жуан тамыр, көзге көрінер-көрінбес сары гүл атып, бөріктей болып, дөңгелене өсетін көкпекті де жиі ұшыратуға болады. Каспийдің жағалау аңғарларында тұт ағаштары кездессе, Сыр бойында жылтыр қабықты, өткір тікенекті, әдемі күміс түсті жапырақты жиде ағашы мол өседі.

Жануарлар әлемін әңгімелеуді «құлан» деп аталатын жабайы жылқыдан және жолаушының жолын кесіп, мың-мыңдап жосыла жортар қара көз ақбөккеннен бастаған жөн. Кей-кейде кенгуруден айнымайтын кішкентай хайуанның² секектей шауып бара жатқанын, кейде сылаңдаған сұм түлкіні, азық іздеп сөлең-сөлең жортқан аш қасқырды көресің. Кішкене ғана суы бар жерге қара бұлттай болып келіп қонатын құстар да мол-ақ. Біздегіден екі еседей ірірек келген қара торғайдың әні өлі далаға жан кіргізгендей. Арал мен Сыр бойындағы нар қамыстарды жолбарыс атаулының ең көрікті тұқымы (патша-жолбарыс) мен қарағұрым қырғауыл мекендейді. Бұл далада, әсіресе, жыландар мен кесірткелер, сары, қара түсті шаяндар, тік қазған інінің аузына құрған торына түсер жемтігін аңдып жатар бүйі сияқты жәндіктер де жетіп артылады. Алайда, шөл даланың нағыз тәңірі деп қазаққа өлшеусіз пайдалы түйе түлігін атаған жөн. Бұл манда болып кеткен жолаушы түйенің сызылта ұзақ боздаған жалынышты үнін өмір бойы ұмыта алмас. Егер осы бір үнді біздің қалалардың көшесінен немесе бақтың ішінен естір болсақ онда, дау жоқ, бұл дыбыс төбе құйқанды шымырлататындай жаман әсер берер еді.

* ²) Қосымша түсініктемелер кітаптың соңына беріліп отыр.

Алайда, шексіз шөл даланың тымық түнінде келе жатқан кезінде түйенің боздағанын естісең, онда бұл үн тым асқақ, шіркеу органының үніндей күдіретті естілер еді. Бұл шынында да, дала органы, оның қуаттылығы осынау шексіздікпен әдемі аста-сып, көкірегінде бір салтанатты күйді ойнатады. Олар түйе түлігін өз қажеттілігінен артығырақ өсіріп, үнемі керуендерге көлік майына беріп отырады. Әр қоналқалыққа тоқтаған жерден алыс ауылдардағы түйенің боздағанын жел жеткізіп тұрады. Бұны даланың өзімен бірге біте қайнасып жатқан сиқырлы сазы десе жарасар. Оралдан Петровск қамалына дейінгі бес жүз шақырым, бір жағынан Арал теңізінен екінші жағы Маңқыстаудың шығыс шекарасына дейінгі жалпақ даланы өздерін қайсақ деп атайтын («Қайсақ» сөзінің мағынасы «азат адам» деген ұғымды береді.) көшпелілер мекендейді. Олар Орталық Азиядағы әр түрлі тайпалардың араласуынан пайда болған, татар тілінде** сөйлейді. Нағыз монғол болмаса да бұл нәсілдің біраз ерекше қасиеттеріне ие болғандықтан қазақтардың сол семьяға жататыны даусыз.

Әдетте, қазақтар мығым денелі, өте қарулы келеді, мұрын бітімі қыран тұмсығына ұқсастары, бет пішіні айтарлықтай тұзу де ерекшеленіп тұрады, қарашығы сәл жақындау, қытай көзді, таза монғол тектестері де кездеседі, сақал-мұрттары сиректеу болады.

